

**8D07501- «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
«Стандарттардың халықаралық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының
жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу»
тақырыбындағы Ажимгереева Алтынай Булатовнаның диссертациясына ресми
рецензенттің жазбаша**

ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламала рға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: сәйкес 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағытына сәйкес келеді.	Диссертация тақырыбы ғылымды дамытудың басым бағыттары мен төмендегі мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мәселесіне сәйкес орындалған, олар: 1.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауы; 2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы коммерциялық емес акционерлік қоғамның корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 19 сәуірдегі № 171 бұйрығы; 3.Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 2 желтоқсанда № 30920 бұйрығына сәйкес келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды,	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған, атап айтқанда

		ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық, ұйымдастырушылық және экономикалық құрамдас бөліктерді біріктіретін тұтас жүйесі ұсынылды. Алынған нәтижелер бойынша «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» мен «Жоғары оқу орын деңгейінде тәуекел менеджмент процесін бекітетін тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандартының» жобасы әзірленді. «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» жоғары оқу орын қызметіне енгізілген. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқарудың әзірленген жүйесін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары білім беру процесінің тұрақтылығы мен сапасын арттыру, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайту және ресурстарды ұтымды бөлу үшін пайдалана алады. Әдістеме стратегиялық және жедел жоспарлау, жоғары оқу орындарында ішкі бақылау мен сапа менеджменті жүйесін қалыптастыру кезінде қолданылады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторант диссертациялық жұмысты өз бетінше жоғары деңгейде орындаған. Автор тарапынан бұл оның жоғары түпнұсқалығы мен зерттеудің тереңдігі арқылы көруге болады. Теориялық және практикалық бөлімдерді мұқият зерттеп, зерттеу нәтижелерін өз еңбегінде жоғары біліктілік пен кәсіби деңгейде алып шыққан.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі негізделген. Қазіргі таңда ресурстардың тапшылығы, реттеуші талаптардың артуы және беделдік тәуекелдердің артуы тәуекелдерді басқару жүйесін енгізуді талап етеді. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару жүйесі әлі де нақты бір процес ретінде қалыптаспаған. Көбінесе фрагменттік сипатқа ие болып келеді. Ал стратегиялық басқару жүйесіне

			жеткілікті деңгейде кіріктірілмеген. Сол себепті жоғары оқу орындары үшін тәуекелдерді алдын ала анықтау, бағалау және оларды басқару ерекше маңызға ие болып отыр.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертациялық жұмыс мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Қорғауға шығарылатын зерттеу нәтижелері, ғылыми жаңалығы, практикалық тиімділігі, ұйымға енгізу тәжірибесі мен қорытындылары бір-бірімен келісілген және диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбының тарауларымен / бөлімдерімен расталатын зерттеу нәтижелеріне сәйкес келеді. Бұл олардың тиісті тараулар мен бөлімдерде жан-жақты ашылуымен дәлелденеді. Әрбір міндет жоғары оқу орындарындағы қызметіндегі тәуекелдерді басқаруға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеу үшін тәуекелдерді анықтау, сәйкестендіру, талдау және басқаруға бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық түрде толық байланысқан және зерттеудің негізгі аспектілерін дәйекті түрде ашады. Диссертацияның алғашқы бөлімінде тәуекелдерді басқарудың теориялық негіздеріне талдау жүргізіліп, тәуекелдерді басқару бойынша нормативті-техникалық құжаттамаларға талдау жүргізілген.. Екінші бөлімде тәуекелдерді анықтаудың сараптамалық және графикалық әдістері қолданылып, тәуекелдердің ықтималдығы мен салдары анықталды. Үшінші бөлімде жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған әдістеме мен ұйым стандартының жобасы әзірленіп, тәуекелдерді басқаруға арналған стратегиялық, тактикалық және операциялық іс-шаралар ұсынылды. Төртінші бөлімде зерттеу нәтижелерін

			Қазақстан Республикасының жоғары білім беру мекемелеріне енгізу бойынша ұсыныстар жасалды. Бесінші бөлімде жоғары оқу орын қызметіне тәуекелдерді басқару жүйесін енгізудің экономикалық тиімділігі есептеліп, негіздеме жасалды. Барлық тараулар мен бөлімдер зерттеу мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді, бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен ұсыныстарын негізді және сенімді етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған шешімдер ғылыми дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Зерттеуде сыни талдау бірнеше әдістер арқылы жүргізілді. Негізгі тәуекелдердің ықтималдығын анықтауға эмпирикалық әдістер яғни, жоғары оқу орнындағы тәуекелдер спектрін және олардың маңыздылығын анықтау үшін сауалнама, университеттің ішкі құжаттамасын талдау, «көбелек-галстук» әдісі, сондай-ақ, тәуекел рейтингін есептеудің ықтималдық-статистикалық әдістері, тәуекел матрицасы пайдаланылған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері толығымен жаңа. Себебі, қазіргі таңда Қазақстан Республикасының көптеген жоғары оқу орындарында тәуекелдерді басқарудың рәсімделген жүйелері жоқ. Тәуекел менеджментінің элементтері бөлшектеп іске асырылады және стратегиялық жедел басқару процестеріне интеграцияланбайды. Ал тәуекелдерді басқарудың әзірленген жүйесі Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары білім беру процесінің тұрақтылығы мен сапасын арттыру, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайту және ресурстарды ұтымды бөлу үшін пайдалана алады. Әдістеме стратегиялық және жедел жоспарлау, жоғары оқу орындарында ішкі бақылау мен сапа менеджменті жүйесін қалыптастыру кезінде қолданылады.

			Зерттеу нәтижелері бойынша «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» мен «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандарты» жобасы әзірленді. «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» жоғары оқу орын қызметіне енгізілді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық, ұйымдастырушылық және экономикалық құрамдас бөліктерді біріктіретін тұтас жүйесі ұсынылды. Халықаралық стандарттар мен ұлттық стандарттарды жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару моделіне интеграциялау негізделді. Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі әзірленді. Жоғары оқу орын деңгейінде тәуекел менеджмент процесін бекітетін тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандартының жобасы әзірленді. Нәтижесінде әзірленген әдістеме еліміздің 3 жоғары оқу орындарына енгізілді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Жоғары оқу орын қызметіне тәуекел-менеджмент архитектурасын іске қосу және оған техникалық қолдау көрсетудің жиынтық бюджеті 19,1 млн теңгені құрайды. Бұл – университеттің жалпы шығыстар құрылымындағы өте рационалды (қалыпты) үлес. Аталған транш оқу орнының ұзақ мерзімді институционалдық қауіпсіздігіне салынған тікелей инвестиция саналады. Ол болашақтағы деструктивті триггерлерді жояды. Әсіресе, мемлекеттік білім беру стандарттарын бұзу, біліктілік талаптарынан ауытқу және тәуелсіз аккредиттеу агенттіктерінің комплаенс-нормаларын орындамау сияқты аса сыни қатерлердің алдын алады. Бүгінгі таңда консалтингтік қызметтер нарығында ЖОО спецификасына бейімделген басқару жүйелерін әзірлейтін сараптамалық провайдерлер өте сирек. Коммерциялық ұсыныстарға

			жүргізілген кросс-анализ нақты нарықтық картинаны айқындады. Аутсорсинг арқылы мұндай жүйені әзірлеу мен бастапқы енгізудің минималды құны шамамен 6 млн теңгеден басталады.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі тұжырымдар диссертацияда ұсынылған теориялық және практикалық зерттеулерден алынған ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдермен негізделген. Әзірленген «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» мен «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандарты» жобасына авторлық құқықты растайтын куәліктер алынған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жок; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;	7.1 Қорғауға ұсынылған қағидаттар толығымен дәлелденген. Диссертациялық ізденіс барысында алға қойылған іргелі міндеттер толық циклмен жүзеге асырылды. Бастапқы кезеңде халықаралық стандарттар сарапталып, отандық ЖОО-лардың операциялық дағдарыстары диагностикаланды. Одан кейінгі сатыда «Bow-tie» және тәуекел матрицасы сияқты озық аналитикалық құралдар іске қосылды. Зерттеудің басты ғылыми жаңалығы ретінде университеттерге арналған тәуекел-менеджменттің дербес әдістемесі мен корпоративтік стандарты заңдастырылды. Зерттеу нәтижелерінің негізінде отандық және халықаралық ғылыми журналдарда 13 мақала жарияланған. 7.2 Тривиалды емес, өйткені олар ғылыми жаңашылдық пен тәжірибелік маңыздылыққа ие. Барлық алынған нәтижелер енгізу актісімен негізделген, бұл олардың сенімділігін арттырады. Бұдан бөлек, зерттеу жұмысының нәтижелері авторлық құқықпен қорғалған, бұл оның бірегейлігін және жаңалығын дәлелдейді. Сондықтан зерттеу деректері тек қайталанатын немесе жалпыға белгілі ақпарат емес, керісінше, ғылыми тұрғыдан маңызды және қолданбалы мәні жоғары. 7.3 Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар толықтай жаңа болып

		2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	табылады, жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқаруды алғаш рет кешенді түрде қарастырады. Бұл жаңашылдық дәлелдемелері бірнеше рейтингті журналдарда жарық көрген мақалалар деп айтуға болады. 7.4 Диссертациялық зерттеу жоғары оқу орындарындағы тәуекелдерді басқарудың іргелі теориялық, әдіснамалық және қолданбалы аспектілерін толықтай шешті. Бұл – ауқымды ғылыми еңбектің түпкілікті нәтижесі. Зерттеу барысында тәуекелдердің әртүрлі кластерлерінің спецификасы дәл айқындалып, оларды проактивті реттеудің стратегиялық векторлары бекітілді. Алға қойылған барлық макростратегиялық міндеттер мінсіз орындалды. Нәтижесінде, академиялық ортадағы қауіптерді басқару архитектурасы жаңа сапалық деңгейге көтерілді. 7.5 Диссертация тақырыбы аясында 13 ғылыми мақала жарияланған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері ҚР ҒЖБМ және Scopus базаларында индекстелетін ғылыми журналдарда жарияланған мақалалармен дәлелденген. Бұдан бөлек, жүргізілген ғылыми зерттеулердің маңыздылығы мен жаңашылдығын растайтын 2 авторлық құқықты растайтын куәлік алынған. Осылайша, барлық маңызды мәлімдемелер нақты деректермен, ғылыми еңбектерге сілтемелермен және тәжірибелік зерттеулермен жан-жақты дәлелденген.
8	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу әдістемесі диссертацияның тиісті бөлімінде толық сипатталған және дәлелденген. Диссертациялық жұмыста заманауи және жалпы қабылданған мемлекеттік стандарттарға және талаптарға сәйкес зерттеу әдістері қолданылған. Зерттеу барысында тәуекелдерді басқару үшін заманауи әдістер қолданылған Тәуекел матрицасы, «көбелек-галстук», сауаланма сияқты әдістер нәтижелердің дәлдігі мен сенімділігін қамтамасыз етті. Осылайша, таңдалған әдістеме ғылыми негізделген, зерттеу міндеттерін шешуге бағытталған және

		оның нәтижелерінің жоғары сенімділігін қамтамасыз ететінін көрсетті.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыс нәтижелерге қол жеткізуге қолданылған бағдарламалар: - тәуекел матрицасы әдісімен тәуекелдердің рейтингі анықталды; - Исикава диаграммасы құру арқылы сыни тәуекелдердің себеп-салдары ақаулар анықталды; - «көбелек-галстук» әдісі арқылы тәуекелдердің себептері мен салдары талданды.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда ұсынылған теориялық тұжырымдар, модельдер сондай-ақ анықталған байланыстар мен заңдылықтар эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен дәлелденген және расталған. Сауалнама жүргізу, тәуекелдерді сандық және сапалық бағалау сияқты әртүрлі аналитикалық әдістерді қолдану арқылы алынған тәжірибелік деректер теориялық болжамдармен жоғары дәрежеде сәйкестігін көрсетті. Сонымен қатар, халықаралық стандарттармен салыстырулар жүргізілді. Бұл ұсынылған модельдер мен қорытындылардың негізділігі мен сенімділігін, сондай-ақ олардың тәуекелдерді анықтауға, талдауға және басқаруға септігін тигізді.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды өзекті мәлімдемелер сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Тәжірибе нәтижелері әдеби дереккөздерге сілтеме жасай отырып, ғылыми талқылаудан өткен. Зерттеу нәтижелері авторлық құқықпен расталған, бұл олардың объективтілігін қамтамасыз етеді. Зерттеу қорытындылары ҚР ҒЖБМ және Scopus базаларында индекстелетін беделді ғылыми журналдарда жарияланып, олардың ғылыми құндылығы мен сенімділігі мойындалған. Зерттеу барысында қолданылған әдістер мен алынған нәтижелер саладағы алдыңғы қатарлы

9	Практикалық құндылық қағидаты		ғылыми еңбектермен салыстырылып, олардың жаңашылдығы дәлелденді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертация 111 пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады және әдеби шолу үшін толықтай жеткілікті.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Диссертацияда алынған нәтижелер теориялық маңыздылыққа ие және жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару үшін негіз бола алатындығын дәлелдеді. Тәуекелдерді басқарудың әзірленген жүйесін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары білім беру процесінің тұрақтылығы мен сапасын арттыру, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайту және ресурстарды ұтымды бөлу үшін пайдалана алады. Әдістеме стратегиялық және жедел жоспарлау, жоғары оқу орындарында ішкі бақылау мен сапа менеджменті жүйесін қалыптастыру кезінде қолданылады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында тәуекелдерді басқарудың әдіснамалық, ұйымдастырушылық және экономикалық құрамдас бөліктерді біріктіретін тұтас жүйесі ұсынылды. Алынған нәтижелер бойынша «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» мен «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқаруға арналған ұйым стандарты» жобасы әзірленді. «Жоғары оқу орнындағы тәуекелдерді басқару әдістемесі» жоғары оқу орын қызметіне енгізілген. Сонымен қатар, тәуекелдерді басқарудың әзірленген жүйесін Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары білім беру процесінің тұрақтылығы мен сапасын арттыру, қолайсыз оқиғалардың салдарын барынша азайту және ресурстарды ұтымды бөлу үшін пайдалана алады. Әдістеме стратегиялық және жедел жоспарлау, жоғары оқу орындарында ішкі бақылау мен сапа менеджменті жүйесін қалыптастыру кезінде қолданылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады, жоғары оқу

		1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	орын қызметінде тәуекелдерді басқару алғаш рет жан-жақты зерттеп қарастырған. Диссертацияда жоғары оқу орын қызметіндегі тәуекелдерді басқару әдістемесі жасалынып, оны барлық жоғары оқу орындарына енгізу үшін ұсыныстар берілген..
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты академиялық жазу сапасы жоғары, ғылыми стильдің барлық талаптарына сәйкес келеді. Теориялық негіздемелер, практикалық мәліметтер және олардың талдауы нақты құрылымға сай берілген, бұл зерттеудің логикалық тұтастығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, мәтінде зерттеудің өзектілігі, әдістемесі, алынған нәтижелер мен олардың ғылыми және тәжірибелік маңызы жүйелі түрде сипатталған. Диссертацияда деректердің нақтылығы сақталған, статистикалық өңдеу әдістері қолданылған және тұжырымдар сенімді дәлелдерге сүйене отырып жасалған. Осылайша, зерттеу ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді. Жұмыстың безендіру бойынша ескертулер жоқ
11	Диссертацияға ескертулер		1. Диссертация тақырыбы жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу болғанымен, Қазақстан университеттеріндегі осы бағыттағы қазіргі жағдайы бұл салада бірқатар тәжірибенің жинақталғанына қарамастан, тар ауқымда қарастырылған; 2. Диссертация проблемасы бойынша ғылыми зерттеулерді талдау негізінен жақын шетелдік әдебиеттерге негізделген, бұл осы бағыттағы әлемдік тәжірибені кеңінен қарастыру арқылы ғылыми қорытындылар жасау аясын шектеуге әкеледі; 3. Диссертацияда отандық зерттеулер толық қарастырылмаған (бұл зерттеулер нәтижелері қазақстандық және халықаралық базалардағы журналдарда жарияланған, ҰМҒТСО сайтында көрсетілген). Дегенмен, аталған ескертпелер диссертациялық жұмыстың өзектілігі

			мен нәтижелерінің құндылығын түсірмейді
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі		Қорғау диссертация нысанында жүзеге асырылады. Диссертацияда нәтижелердің апробациясы ретінде Scopus базасына кіретін журналда 1 мақала, ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала, халықаралық және республикалық конференцияларда жарияланымдар, сондай-ақ 2 авторлық құқық куәлігі көрсетілген. Бұл жарияланымдар зерттеу тақырыбына сәйкес келеді және нәтижелердің ғылыми айналымға енгізілгенін дәлелдейді
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Ажимгереева Алтынай Булатовнаның 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы дәрежесін беру үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсыныс жасаймын.

Ажимгереева Алтынай Булатовнаның 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Стандарттардың халықаралық жіктеуішіне сәйкес Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмыстың өзектілігі, ғылыми жаңалығы, зерттеу нәтижелердің дұрыстығы мен олардың тәжірибелік маңыздылығы бойынша аяқталған ғылыми еңбек болып табылады.

Диссертация құрылымы мен мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелер беру қағидаларының» қойылған талаптарына сай келеді, оның авторы Ажимгереева Алтынай Булатовна 8D07501 - «Стандарттау және өнім сапасын басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты үміткер деп есептеймін.

Ресми рецензент:

«Astana IT University» ЖШС Жалпы білім беретін пәндер мектебінің профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты

